



Жаңа кітаптың тұсаукесері өтті

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Облыстық ішкі саясат басқармасы өткен жылдан бері бірталай әдеби кештер ұйымдастырып, бұқара халықтың назарын кітап оқуға аударып келеді. Бұл игі істі басқарма басшысы Жәнділдә Мақанов неліктен қолға алғанын біз бұған дейінгі жазғандарымызда айтқан едік.

"Достық үйінде" өткен бұл жолғы басқосуды белгілі қаламгер, өлкетанушы ғалым Қуаныш Ормановтың "Ел мен жер және тұлғалар тарихы" кітабының тұсаукесері-

не арнады. Аталған еңбектің жарыққа шыққаны туралы газетіміздің өткен сандарында жазған болатынбыз. Сондықтан бұған егжей-тегжейлі тоқталуды жөн көрмедік.

Жүздесуді өзі жүргізіп отырған Жәнділдә Мақанов әңгіменің басын "Қостанай таңы" газеті туралы бастады.

— Бүгін барлығымыз үшін тарихи күн, — деді басқарма басшысы. — Себебі, ата-басылым — "Қостанай таңы" газеті тұңғыш рет өз тарихында көлемді болып, 24 беттік жарияланыммен "Қостанай ақшамы" қосымшасы жарыққа шықты. Осы еңбектері үшін газет ұжымын құттықтап қоюға әбден болады.

Сол сәтте мәжіліске жиналған жұрт мәре-сәре болып,

тың жаңалыққа ризашылық танытты. Содан кейін Жәнділдә Мақанов сөзін қайта жалғап:

— Расында да өңірдегі қазақ қауымы үшін, оның ішінде көзіқарақты Сіздердей оқырман әрі автор үшін бұл жағымды жаңалық. Бүгінгі Қоқанның — Қуаныш Орманов ағамыздың кітабының тұсаукесерінде мұны айту қажет-ақ. Өйткені, Қуаныш Орманов бұл газеттің тұрақты авторларының бірі һәм жанашы-ры.

СУРЕТТЕ: кітаптың тұсаукесерінен көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

3-бет

Меморандумға қол қойды

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанай облыстық кәсіподақтар кеңесі қоғамның тұрақтылығы мен жұмысшылардың мүдделерін қорғауға атсалысуда. Осынау мақсатты әрі қарай жандандыру үшін мемлекеттік мекемелермен әлеуметтік серіктестік туралы меморандумға қол қойды.

Өңірдегі кәсіподақтар кеңесінің басты мақсаты — жұмысшылардың мүдделерін қорғау. Бұл мақсатты жүзеге асыруда әлеуметтік әріптестіктің маңызы зор. Сондықтан Қостанай облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы Балбөпе Ертаева облыстық ішкі саясат басқармасы, кәсіпкерлер палатасы, облыстық ардагерлер ұйымы және "Нұр Отан" партиясы ҚОФ-мен меморандумға қол қойды. Аталған мемлекеттік мекемелер мен партия мүшелері жұмысшылардың мүддесін бірлесе қорғайтын болады.

— Уақыт өткен сайын өңірдегі



ардагерлердің қатары азайып барады. Көбісінің жасы тоқсанда. Қариялардың жүріп-тұруы қиын. Сондықтан ардагерлерге әлеуметтік қызметкерлер қарайды. Біз де бақылауымызға алдық. Облыстағы ардагерлердің бәрінде баспана бар. Бір өкініштісі, жастар Ұлы Отан соғысы туралы дұрыс біле бермейді. Майдангерлердің ерлігін насихаттауға облыстық кәсіподақтар кеңесі атсалысса екен, — деді облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Кенжебек Укин.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

● ӘРІПТЕСКЕ – ІЛТИПАТ

Ереккенді ел біледі

Облыстық «Қостанай таңы» газетінің тілшісі, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, кіндік кесіп, кір жуған туған жері – Әулие-көл ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның мәдениет қайраткері Ермекбай Хасеновты 65 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз.

Біздің Ереккенді Орал педагогика институты қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген соң Әулиекөл ауданында мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып жемісті еңбек етті. Облыстық газетке хабар-ошар, мақала жазып тұратын қаламының желі бар қоғамдық тілшіні сол кездегі редакция басшылығы қызметке шақырған еді, содан бергі қырық жылдай уақытта Ермекбай Қайыпұлы осы «Қостанай таңының» қиынға салар, сенім артар қызметкерлерінің бірі болды.

Ол Кеңес Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетов, Социалистік Еңбек Ері Қабидолла Тұрғынбаев туралы деректі хикаяттардың, басқа да көптеген публицистикалық және әдеби шығармалардың авторы. Қостанай меценаттар клубы «Қазына» сыйлығының, басқа да мәртебелі марапаттардың иегері.

«Қостанай таңы» газеті редакциясының ұжымы әріптесімізді мерейтойымен құттықтап, ұзақ та бақытты ғұмыр, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейді.

«Қостанай таңы» газеті редакциясының ұжымы.



Электрондық қызмет

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Соңғы жылдары Қостанай облысында "Электрондық үкімет" порталын пайдаланушылардың саны артып келеді. Өткен жылдың өзінде порталдың көмегімен облыстық әкімдікке 1 537 456 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

www.egov.kz "Электрондық үкімет" порталы арқылы білім, әлеуметтік, сәулет және құрылыс, жер қатынастары, экология, мұрағат, ТКШ салалары бойынша ақпараттар алуға болады. Ол үшін ең алдымен электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) керек. Өткен жылы облыс бойынша 44 мың 485 ЭЦҚ берілген. Аталмыш порталдың өзге де қыр-сыры туралы облыстық әкімдікте өткен іс-шарада кеңірек айтылды. ХҚКО ҚОФ-ның мамандары порталдың қолданылуын мемлекеттік қызметшілерге түсіндірді.

– ЭЦҚ – бұл электрондық құжатқа заңды күш беру үшін пайдаланылатын өз қолыңызбен қойылатын қолдың аналогы. Оны алу үшін "Электрондық үкімет" порталында "ЭЦҚ" бөлімінде өтініш беру керек, – деді ХҚКО Қостанай облыстық филиалының инспекторы Рахат Салмағамбетова.

Мүгедектермен кездесті

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

"Нұр Отан" партиясының Алтынсарин аудандық филиалы "Кедергісіз келешек" жобасы аясында Щербаков ауылдық округінің Қосқұдық ауылында кездесу өткізді.

Партиялықтар ауылдағы кәсіпкер, 1 топтағы мүгедек Зұлфия Балтабаеваның жұмысымен танысты. Аталмыш кәсіпкер екі ай бұрын өз үйінде азық-түлік дүкенін ашқан. Зұлфияның айтуынша, құжаттарды рәсімдеу кезінде қиындықтар туындады. Бірақ ауыл тұрғындары оны қолдап, дүкеннің тез арада ашылуына көмегін тигізген. Зұлфияның ендігі арманы жазда кішігірім дүкеннің құрылысын бастау.

– Елімізде мүгедектерді қолдауға арналған көптеген іс-шаралар жасалып жатыр. Жеке кәсіп ашуға бағытталғандығы барысында аудандық прокурордың аға көмекшісі Ерлан Кунеков баяндап берді. Оның айтуынша, өткен жылы облыс аумағында терроризмге қатысты жалған қоңырау шалған 6 факті тіркелген. Соның 4-іне қылмыстық іс қозғалған.

Жалпы, қолданысқа енгізілген жаңа жоба алдағы уақытта құқықтық іс-шаралардың кеңірек жүзеге асуына жол ашпақ.

Жаңа заңдағы баптар жайында

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

Сарыкөл агробизнес және құқық колледжінде аудандық прокуратураның ұйымдастыруымен 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшіне енген Қылмыстық кодекске енгізілген түбегейлі жаңа нормалар туралы жиын өтті.

Бұл шарада жаңа кодекске енгізілген баптар, ұлттық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты қорғауға баса назар аударылғандығы және экстремизм мен терроризм әрекеттері үшін жауапкершіліктің күшейтілгендігі, сондай-ақ жаңа қылмыстық кодекс айыпталушымен қатар кінәлінің де құқығын қорғауға бағытталғандығы барысында аудандық прокурордың аға көмекшісі Ерлан Кунеков баяндап берді.

Оның айтуынша, өткен жылы облыс аумағында терроризмге қатысты жалған қоңырау шалған 6 факті тіркелген. Соның 4-іне қылмыстық іс қозғалған.

Жалпы, қолданысқа енгізілген жаңа жоба алдағы уақытта құқықтық іс-шаралардың кеңірек жүзеге асуына жол ашпақ.

Сарыкөл ауданы.

● ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛДАУЫ

Келешекке жол табамыз!

Біз, бөріміз Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауын бір ауыздан қолдаймыз. Биылғы жұмыстарымыздың дені осы Жолдау аясында жүзеге асырылатын болады. Өйткені біз, әр Жолдаудан жол табамыз!

Енді, өзім, Тимирязев ауылдық округінің әкімі болғандықтан, бар істің басы-қасында жүргендіктен, өткен жылдың қорытындысын бір шолып өтсем деймін. Өйткені, біздің округіміз жыл есебі бойынша үздік үштіктің құрамына енді. Айталық, жылқы жылы ауылдық округте өткен іс-шаралар жетерлік болды. Ауылда абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бүгінде алпысқа жуық көше шамдары жарқырап жанып тұр. Әкімдіктегі үш шөп шабатын құрылғылар саны тағы екеумен толықты. Оған ауылдағы шаруа қожалықтарының басшылары – Б.Хасенов, Ж.Жапаров, Р.Латыпов, А.Ковалевич, К.Хажиевтар демеу-



шілік жасады. Жалпы, жаз айларында орталықтағы "Әлия" саябағы да жарқырап тұрады, қоғамдық жұмыскерлер де өз жұмыстарын жақсы орындайды. Кәсіпкерлікте де ілгерілеушілік бар. Бауыржан Қоқаев деген азамат ағаш өңдейтін цех ашты. Бұл жиһаз цехында тапсырыс бойынша тұрмысқа қажетті кез-келген заттар жасалады. Осының арқасында жаңа 3 жұмыс орны ашылды. Өткен жылы ауыл

кәсіпкерлері төп-төуір өнімге қол жеткізіп, орта есеппен гектарына 20 центнерден өнім алды. Бізде мал шаруашылығын дамыту мақсатында "Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020" бағдарламасына қатысып, бақ сынап жатқандар да баршылық. Мәселен, төрт адам шағын кредит алды, 3 млн.теңге көлеміндегі несиеге жылқы, қой, сиыр сатып алынды. Сондай-ақ, қараша айының аяғында "Тыңның 60 жылдығын" атап өттік. Оған ауылдың барлық тұрғыны шақырылды. Айтулы шарада Тимирязев оқушыларының қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, ауылдағы 15 тыңгердің бәріне бірдей естелік сыйлықтар табыс еттік.

Жалпы, өткен жылға өкпеміз жоқ, осы жылы бұдан да биік белестерді бағындырамыз деген үміттеміз!

Есқожа ҚАЛИЕВ,
Тимирязев ауылдық округінің әкімі.

Сарыкөл ауданы.

Комиссияның кезекті отырысы өтті

Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес Жанкелдин ауданының әкімдігі жанындағы кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия түсіндіру жұмыстарын аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, Н.Иванов атындағы орта мектептерінен бастады. Шараны өткізудегі басты мақсат кәмететтік жасқа толмағандарды қадағалап, тәртіп бұзушылық пен қылмыстарды болдырмау, сондай-ақ оқушылармен және ата-аналар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізу.

Аталмыш жиынға аудан әкімінің орынбасары Т.Әубәкіров, білім беру бөлімінің бас маманы А.Раисова, білім беру бөлімінің басшысы Н.Сейдахметов, ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Әбішева, білім беру бөлімінің заңгері А.Қасымұлы, аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Ж.Нұрғазин, ішкі істер бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесінің инспекторы А.Мұқатов, ішкі істер бөлімінің кәмететке толмағандар істері жөніндегі инспекторы А.Тұрсынбек қатысты.

Кездесу барысында комиссия төрағасы Түбекбай Ғабсалықұлы: "біздің басты мақсатымыз сіздермен пікірлесіп, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу. Себебі қазіргі таңда республика бойынша мемлекеттік комиссия құрылып, жастар тәрбиесіне басымдылық беріліп отыр. Осы мақсатта облыс орталығында да жастар орталығы жұмыс жасайды. Кәметет жасқа толмағандар арасында әкімшілік құқық бұзушылық біздің ауданда белең алып отыр. Осының салдарынан басқа аудандарға қарағанда облыс бойынша екінші орындамыз. Бұл дегеніміз біздің елдігімізге үлкен сын", – деді.

Ішкі істер бөлімінің басшысы, полиция майоры Жасұлан Сұлтанбекұлы осы орайда өз ойын



бүкпесіз ашық жеткізді. Заң органдарының міндеті үркітіп, қорқыту емес. Тәртіпке шақырып, еліміздің тыныштығын сақтау. Оқушылардың жіберген қателігі ата-аналар, ұстаздар, психолог мамандар мен учаскелік инспекторлардың кінәсі. Олай дейтінім қылмысты болдырмау мақсатында оқушылармен түсінік жұмыстарын уақытылы жүргізу екенін баса айтты.

Аудандық ішкі істер бөлімінің мәліметі бойынша өткен жылы жасөспірімдер арасында анықталған әкімшілік құқық бұзушылық кәметет жасқа толмағандар арасында көптеп кездесіп отыр. Жалпы аудан бойынша оның ішінде мектеп оқушыларын алатын болсақ, 56 оқушы түрлі себептермен әкімшілік құқық бұзушылыққа барған. Жасөспірімдердің ата-аналарына ескертетін жөйт, балаларының жүріс-тұрысына жауапкершілікпен қарамаған жағдайда балалар заңның барлық қатаң жүйесімен жазаланады.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.

Арқалық қалалық сотына жаңа төраға тағайындалды

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Елбасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №983 Жарлығына сәйкес Қостанай облысына қарасты Арқалық қалалық сотының төрағасы болып К.Т.Ақшалов тағайындалды.

Көшербай Тұрсынұлы 1960 жылы 8 қазанда Қостанай облысының Комсомол ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. Мәскеу қаласындағы заң институтын бітірген.

Еңбек жолын Қостанай облысы Комсомол ауданы "Берлі" астық совхозында механизаторлықтан бастаған. Отан алдындағы міндетті



өскери борышын өтеген. 1983-1994 жылдар аралығында Қостанай облысының ішкі істер басқармаларында қызмет атқарған. 1994 жылдан бастап "Агротехник", "Ақбидай агро" ЖШС, Қазақ ұлттық "Астық индустриясы" компанияларында заңгер-кәметеші болып жұмыс жасайды. 2007 жылдан 2014 жылдың 26 желтоқсанына дейін Қостанай облысы Әулие-көл аудандық сотының судьясы лауазымын атқарған.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Арқалық қалалық сотының жаңа төрағасы К.Ақшалов.

КӨРШІМІЗ күмәншіл болып шықты

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Ресейліктер қолдағы қаражаттарынан қағыламыз деп қауіптеніп отыр. Осыған сай, Федералды салық қызметі шетелдіктермен жұмыс істейтін компанияларына импорттық құжаттарын жіті бақылауға алуын қадап тапсырған. Бұл жайында, ресейлік БАҚ құралдары жарыса жариялауда. Көрші елдің ақпараттарына көз жүгіртсек, қаржылық қауіпті Қазақстан төндіріп тұрған көрінеді.

Ресейдің Бас банкіне сілтеме жасаған "Известия" басылымы қаржылық қауіпті қазақ елінің тудырып отырғанын айтады. "Кедендік Одақ және Еуразиялық экономикалық қауымдастығының құрамындағы Белоруссия мемлекетінен келер қауіп жоқ. Бар бөле – қазақстандық компаниялардың шектеулі импорттық әрекеттерінің астарында жатыр" – деп жазады ресейлік басылым.

Кедендік одақ аясында, тауар – еркін айналымға түскен сәттен, қаржыға қатысты қитұрқы әрекет әшкере бола бастаған. Ресейлік қаржыгерлердің уәжіне құлақ асар болсақ, одақ аясында ауыс-түйіс айтарлықтай жеңілдеді: үш елдің тауары ше-

карадан жеңіл-желпі тіркеумен өткізіле береді. Бар болғаны тауарлық-көліктік тіркеуге алынған кез-келген зат бұрынғыша кеденде кідірмейді. Барлығы тамаша! Тек, қазақтар тауарын көрші елге аз апарып, бері қарай көп тасиды. Ресейлік экономистердің көңіліне кірбің салғаны – осы екен...

Ресейдің басты капиталына бас қатырғандар қазақстандықтардың өз елдері аумағындағы қаржылық қам-қарекетін қатаң бақылауға алуды жөн көріпті. Таратып айтқанда, шекара сызығын кесіп өтетін әр тауардың құжаты тексеріліп, түбіртектерінің нақтылығы айқындалады. Одан кейін, тауар тасымалдаушылардың құжат, қағаздары, бағыт-бағдары нысанаға алынып, тиянақты тексерістен өткізіледі. Қазақстандық кәсіпкердің іс-қимылы, құжаттары күмән туғызған жағдайда, ресейлік банк қызметкерлері тұтынушысынан бас тартуға құқылы. Тіпті, отандастарымыздың әрекетін – "күмәнді қаржыны заңдастыру" ретінде қарастырып, Федералды заңдарының 115-ші бабына да жүгіне алады. Мұндай жағдайда, қазақстандық кәсіпкердің есепшоттарына бұғау салынып, үстінен іс қозғалады.

Ресей орталық банк өкілдері-

нің пайымдауынша, қазақстандықтар күмәнді қаржыларын Ресей арқылы заңдастырып алу. Біздің кәсіпкерлер тауарларын ресейліктерге өткізген болып, қаржыны Ресейдің қаржы институттары арқылы қазақстандық банктерге аударары екен. Осылайша, салықтан жалтарады, күмәнді ақшаны заңдастырады, басқа да әрекеттерге барады. Ресейлік экономистердің екпінінен кейін, ондағы бірқатар банктер талаптарын күшейтіп, қырағылық танытуда. Енді бірі Кедендік одақ аясындағы елдермен жұмыс істеуді мүлдем тоқтатуды жөн көріпті.

Қос бүйірден қысқан қаржы дағдарысы мен Еуропаның экономикалық бұғауына іліккен Ресейдің қаржы нарығындағы кезкелген әрекеттен секем алар жөні бар. Нарықтық экономикадан төл ақшасы тетік таппай, төмен сырғыған ел – қалай болса да, экономикасының еңсесін көтеруге тырысып бағуда. Онсыз да, қаржысынан құн кетіп, бар тауары арзанға кетіп жатқан мемлекет – басты капиталын қорғаудың бір амалы осы деп түсінген сынайлы. Қазақстандықтардың қытығына тиген Ресейдің бұл қадамы – Кедендік Одақтың күш алуына кедергісін келтірмесе болғаны.

Жаңа кітаптың тұсаукесері өтті

1-бет Мұхаң (Мұхамеджан Сералин — **автор**) мен Бй-Ағаң (Бейімбет Майлин — **автор**) негізін қалап кеткен "Қостанай таңы" басылымы кітапқұмар жандар мен газет оқырмандарынан уақытында сүйінші сұрап, Қуаныш Орманов ағамыздың қолдарыңыздағы кітабы жайында тұщымды мақала жазып, мазмұны туралы кеңінен әңгімелеген-ді, — деп, әрі қарай сөз кезегін қонақтарға берді. Ақын, ғалым Серікбай Оспанов пен Ақылбек Шаяхмет, оқытушы-ғалым Эльмира Наурызбаева, Қалқаман Жақып, Қуаныш Ормановтың замандасы, досы Бақытжан Сағындықов сөз сөйлеп, тағылым ой айтты.

Серікбай Оспанов Қуаныш Ормановпен жоғары оқу орнында бірге оқығандығын, сол кезден бастап оның өлке тарихына назар аударып бастағанын, автордың

жаңа кітабын оқып, бірнеше қызықты тарихи деректерге қаныққанын, әлде де жер-су аттарын зерделей түсіп, осы кітаптың жалғаса беруін, оның ұрпаққа берер пайдасы зор болатындығын айтса, Ақылбек Шаяхмет автормен кіндік қандары Жігітқара жерінде тамған жерлес екенін, ел, жер тарихын зерттегенде Қуаныш Ормановтың тарихқа жіті назар аударатындығын баяндай келіп, өңірдегі кейбір аудандардың Денисовтың — Түйеойнақ, Таранның — Әйет, Тобыл, Рудныйдың — Сарыбай тарихи атаулары неге қайтарылып жатқандығына тоқталып, кітаптағы кейбір әріп қателерінің барынан ба, әлде солай жазылғандығынан ба, Әйет туралы айтылғанда бас жағында дұрыс жазылып, соңына қарай "Аят" боп кеткендігін әңгімеледі.

Бұдан кейін Эльмира Наурыз-

баева жоғары оқу орындарында өлкетану тарихына байланысты Қуаныш Ормановтың еңбектері оқылып жатқандығын айтса, Қалқаман Жақып бұл еңбектің келер ұрпаққа берер тағылымдылығына, мағлұматы молдығын, автор әлде де мұрағатты тереңнен қазбалап қопарып, тағы да ғылыми еңбек тудырса деген ниетін жеткізсе, Бақытжан Сағындықов автордың ерінбей, жалықпайтын еңбекқорлығын баяндады.

Содан соң Жәнділдә Мақанов автордың бұл еңбегі қазір үлкен сұранысқа ие болып жатқандығын, соны ескере отырып қолда қалған таралымды мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері үшін сақтап қойғандығын, сәтін салса, бұл ғылыми еңбектің орыс тіліндегі нұсқасы жарық көретіндігін жеткізді.

Аралбай ауылындағы жүздесу

Қостанай қаласының тұрғыны, Торғай селосы, Арқалық қаласының құрметті азаматы, белгілі ақын, бірнеше поэзиялық және прозалық кітаптардың авторы, республиканың мәдениет қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатов өзі өскен, оқыған Жанкелдин ауданы, Аралбай ауылындағы Жанкелдин орта мектебінде оқушы, ұстаздармен, зейнеткер

қарттармен жүздесті. Жылы шырайдағы кездесу барысында ақын құбылмалы қоғам, адамдардың өзгеріске ұшыраған жан дүниесі, туған жер жайлы жаңа жырларын оқып, жұртшылық сауалдарына жауап берді.

Ауыл, мектеп кітапханасына "Ой отауда оңаша", "Көкірек көзбен көргендерім", "Бекзат аға, Санжар іні" деп аталатын кітаптарының бірнешеуін сыйға

тартты. Қаламгерге Жанкелдин ауданы әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров ізгі лебіз білдірді. Ауыл әкімі Қойшыбек Нүридденұлы жерлес ақын Нағашыбай Мұқатовты 65 жасқа толуымен құттықтап, оған зор денсаулық, шалқар шабыт тілеп, қазақы дәстүр бойынша иығына шапан жапты.

(Өз тілшіміз)



Дәрігерлік амбулатория ашылды

Таран. Май ауылдық округінде заманауи дәрігерлік амбулатория ашылды. Жаңа ғимарат құрылысына облыстық бюджеттен 120 млн. теңге бөлінген болатын. Тұрғындардың көптен күткен қуанышты сәтіне аудан әкімінің орынбасары Дидар Ақулов пен аудандық аурухананың бас дәрігері Абат Жауков қатысты. Екі жарым мыңнан аса тұрғыны бар майлықтар үшін әлеуметтік нысанның маңызы зор. Олар бұған дейін Кеңес одағы тұсында салынған көне ғимаратта ем-дом алып келген.

Көркем фильм түсірілмек

Облыста. Тобыл өңірінде Шыңғыс Айтматовтың "Боранды бекет" романының желісінде көркем фильм түсірілмек. Бұл туралы Лисаков қаласында өткен баспасөз конференциясында болашақ фильмнің авторлары, ресейлік режиссерлер Илья Желтяков пен Анастасия Полухина мәлімдеді. Бастан-аяқ қазақ тілінде көрерменге жол тартпақ ресейлік фильмде адамзат баласының рухани мәңгіртке айналу мәселесі көрініс таппақ.

Отбасылық өмір – осы бастан

Облыста. "Отбасы психологиясы" деп аталатын факультативті курс бағдарламасының тұсаукесері облыстық білім басқармасында онлайн тәртібінде өтті. Бағдарламаның авторы – А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ психология кафедрасының профессоры Л. Саркисян. Курс барысында жоғары сынып оқушылары отбасы дегеніміз не деген сұраққа қатысты мәселелерді, отбасы мен некенің рухани-адамгершілік негіздері қарастырылады. Бағдарлама 10-сынып оқушыларына арналған.

Еңбек ардагерлерімен кездесті

Аманкелді. Жалпы білім беретін орта мектепте ауданның құрылған күніне орай "Туған жер – алтын бесік" айдарымен еңбек ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кешке екі рет "Еңбек Қызыл ту" орденін алған Балға Нұрғожаұлы; "ҚР білім беру ісінің үздігі", "ҚР білім және ғылым министрлігінің құрметті қызметкері" Ағыбай Әбдікәрімұлы қатысты. Жиын барысында оқушылар қонақтарға өз өнерлерін көрсетті.

Жол күтіміне жауаптылар анықталды

Сарыкөл. Қыс айларында жолдарды қалыпты жағдайда ұстау – күн тәртібіндегі басты мәселе. Бұл туралы аудан әкімі Эльдар Күзенбаев төрағалық еткен жиында айтылды. Жиында ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Серік Гайсенов баяндама жасады. Оның айтуынша, ағымдағы жылы автомобиль жолдарын тазалауға 27 млн. теңге бөлінген.

Ғалымдар бас қосады

Облыста. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде "Иннова-2015" атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтеді. Екі күнге созылатын жиын барысында Қазақстанның және Ресей елінің жетекші ғалымдары мен сала мамандары бас қосып, білім саласына қатысты мәселелерді жан-жақты талқылайтын болады.

Электрондық қызмет – қолжетімді

Лисаков. Өткен жылы өңірлік мемлекеттік мұрағатта анықтама сұраған 1537 өтінім орындалды. Қазіргі таңда қалада "Электрондық үкімет" веб-порталы мен "Халыққа қызмет көрсету орталығы" ғаламтор ресурсы қызмет түрлерін пайдаланушылар саны артып келеді. Жоғарыда аталған өтінімдердің 51-і электрондық пошта, ал 4-і ХҚКО арқылы келіп түскен. Қазіргі таңда, электронды қызметті жеңілдетудің өзге де жолдары қарастырылуда.

● ШАҒЫН ҚАЛАЛАР ТЫНЫСЫ

АРҚАЛЫҚ:

кешенді даму көкжиегі

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы бекіткен "Өңірлерді дамытудың – 2020 жылға дейінгі бағдарламасына" сәйкес, Арқалық қаласының 2015-2017 жылдарға арналған кешенді даму жоспары құрылды.

Қаланың кешенді даму жоспары ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы "Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі бағыттарын қамтиды.

Елбасының "Нұрлы жол: Болашаққа бастар жол" атты Жолдауы қала тұрғындарының ертеңге деген сенімін еселей түсті. Жолдауда айтылған қашықтығы 2198 шақырым "Астана – Ақтау"

мытып, экономиканы өртартаптан-дыру заман талабы десек, бұл бағыттағы Арқалық қаласында жұмыс істеп тұрған ірі инвестициялық жобалардың бірі – "Агроинтерқұс" ЖШС. Серіктестік толық

кәсіпкерліктердің серіктестік бағдарлама қабылдауы қаланың әлеуетін арттыра түседі. Өткен жылы "Қазақстан алюминий" АҚ Торғай боксит кен басқармасы қала кәсіпкерлерімен 18 келісім-шарт жасасып, оның қаржы айналымы 137 млн. теңгені құрады.

Қаланың кешенді даму жоспарына сай шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында: өңірлік үйлестіру кеңестері кәсіпкерлердің жобаларын субсидиялауға – 45 млн. теңге; конкурстық негізде ұсынылатын гранттық жобалар – 30,0 млн теңге; кәсіпкерлікті ынталандыру үшін шағын несиелік шараларды қамтамасыз ету үшін – 76 млн. теңге; кәсіпкерлікті ынталандыру бойынша инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту іс-шараларына – 1 млрд. 500 млн. теңге қаржы қаралған.

Инженерлік инфрақұрылымы жетіспейтін инвестициялық жобаларды дамытуға: "Агроинтерқұс" ЖШС – 1 млрд. 167 млн. теңге, "Нұр-Жайлау НС" ЖШС – 200 млн. теңге, "Нұр - Жайлау Астық" ЖШС – 170,0 млн. теңге қаржы қарастырылады.

Мемлекеттік "Жол картасы – 2020", "Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламалары бойынша халықтың жұмыссыз және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу үшін республикалық бюджеттен 31 миллион теңге қаражат қаралады. Қала көшелерін абаттандыру (3 жылға) – 525 миллион теңге; бюджет шеңберінде ағымдық басым мәселелерді шешу – 703,0 млн. теңге; ағымдағы абаттандыру жұмыстары – 403 млн. теңге; ақаулы үйлерді сыру – 300 млн. теңге қаржыны қажет етеді.

Жалпы, қаланың үш жылдық кезеңге арналған кешенді даму жоспарының жобалық құны – 28 млрд. 399 млн. теңгені түзді. 2016 жылы су жылыту қазандығын са-



автомобиль жолының 1652 шақырым жөнделеді. Яғни, "Нұрлы жол" бағдарламасы арқылы жол құрылысында мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылады. Жаңғыртылуы көзделген "Астана – Ақтөбе" тас жолы да өңірде жол қатынасының одан әрі дами түсетіндігін айқындайды.

– Елбасы Жолдауымен іске қосылған "Арқалық – Шұбаркөл" темір жол желісі де кен тасымалында жол қашықтығын қысқартып, елге игілігін көрсетуде. Теміржол 387 адамға жаңа жұмыс орнын ұсынса, жүк тасымалының жылдық болжамды көлемі 8,6 млн тоннаны құрайды. Бұл көрсеткіш Қостанай облысының, оның ішінде Арқалық қаласының аймақтық макроэкономикалық өсу қарқынын арттыра түсері анық, – дейді өңірдің бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайымен бөліскен қала әкімінің орынбасары Ерлан Теменов.

Шағын және орта бизнесті да-

қуатына (Жобалық қуаты жылына 300 млн. жұмыртқа өндіру) 2020 жылға қарай қосылады деп жоспарланған. Келесі зекірлі жоба "Нұр-Жайлау НС" ЖШС асыл тұқымды ірі қара мал фермасы және мал бордақылау алаңының құрылысы. "Абердин - Ангус" деп аталатын асыл тұқымды 3000 бас көлеміндегі кешен жобалық қуатына 2017 жылы қол жеткізетін болады. Биылдан бастап аталған екі жоба да өзінің шаруашылық жүргізудегі екінші кезеңдерін жүзеге асырмақшы.

Сондай-ақ, қалада "МАЯТАС" ЖШС кен байыту фабрикасы тәжірибелік-өндірістік жобасының құрылысы қолға алынуда. "Самұрық-Энерго" АҚ қатысуымен 48 МВт жел электр станциясын салу көзделген. Астық сақтау жүйелерін жетілдіру мақсатында қаладан сыйымдылығы 32 000 және 12 000 тоннаны қамтитын желілік элеваторлар бой көтеруде.

Ірі кәсіпорындар мен шағын



лудың жобалық-сметалық құжатын әзірлеу – 323 млн. 578 мың теңге; сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту – 773 млн. 183 мың теңге; электрмен жабдықтау нысандарын қайта құру – 239 млн. 672 мың теңге; жылыту объектілерін қайта құру – 1 млрд. 318 млн. 910 мың теңге болып бекіді.

Иә, бұл жай цифрлар емес, қаланың таяу болашақтағы өркендеп, дамуының көрсеткіші. Арқалық қаласының кешенді даму жоспары жақында облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында сәтті қорғалып шықты. Қала басшылығы оның орындалуын жіті

қадағалау үстінде. Қалада бизнес мектебі мен кәсіпкерлер қауымдастығын құру шаралары да қолға алуға да қам жасалуда.

Міне, осылайша мемлекеттік бағдарламалар ел өміріне тың серпін әкелді. Атағы алысқа жайылған, жастардың қаласы Арқалық бүгінде қайта жандануда. Көшелері көріктеніп, ғимараттары сәулеттенген қаланың қазір шамдары алыстан жарқырайды.

СУРЕТТЕРДЕ: Арқалық қаласының бүгінгі келбеті. Арқалық қаласы.

Ұлы күнді ұлықтау басталды

Биыл – қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл. Ұлы күнді ұлықтауға арналған ауқымды шаралар ауданымызда басталды.

Айталық, Н.Дәулетова атындағы аудандық кітапханада алғашқы шара шымылдырығын түрді. Оны орайластырған мекеме қызметкері алдымен, XV-XVII ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ

хандығының дүркіреген дәуірі туралы деп басып айтты. Халқымыздың тарихи санасында өшпестей із қалдырған атақты хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздар осы тарихи кезеңде өмір сүргендігін тайға таңба басқандай етіп баяндады. Сондай-ақ, ерлік пен елдікті паш еткізген небір талай тарихи оқиғалар

осы дәуірдің еншісінде жатқандығын тыңдаушылардың құлағына құйды.

Ал шараға арнайы қонақ ретінде шақырылған мектеп оқушылары болса Жәнібек пен Керейдің салған сара жолын, Қасым хан, қазақ билері және қазақ мәдениеті туралы ой-толғамдарын ортаға салды. Қысқасы, қатысушылар Қазақ хандығы хақында қомақты ойларға қанықты.

Сондай-ақ, "Қазақ даласының ұлы

хандығы" деген атаумен орайластырылған, "Қасым хан", "Абылай хан", "Ұлы дала мемлекеті", "Еділ жайлаған қазақтар", "Қазақ хандығының тарихы", "Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы" сынды кітаптар қойылған көрмеден де келушілер көкейлеріне орамды ойлар түйді.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП



Ашамайдан — АВТООРЫНДЫҚҚА

немесе "Жол жүрісі туралы" заңға енгізілген өзгерістер нені көздейді?

"Негізі, осы автоорындық дегенге туадан бесік көрген қазақтың балалары тез үйреніп кетіп жатыр", — дейді бір ағамыз. Мысқыл да болса — батпандай емес пе. Алты жастан ашамайға мініп, он үшінде отау тігіп, елін жаудан қорғаған бозбаланы он екі жасқа дейін тапжылтпай орындыққа байлаттырып қойған заман-ай!

Қой жылының басы естен кетпес оқиғаларға толы болды. 1 қаңтардан бастап, өлімізде "Жол жүрісі туралы" заң қайта жанданып, бірқатар тармақ өзгерді. Соның ішінде, әсіресе, елдімекендердің ішінде де көлік шамын күндіз-түні жағып жүру, жоғарыда айтқан 12 жасқа дейінгі балаларды арнайы автоорындыққа отырғызу мәселесі қоғамды дүр сілкіндірді. Біз осы мәселелер жөнінде көлік иелерімен тілдескенімізде, барлығы "заңның көліктегі балалар орындығын міндеттеу тармағын енгізу ерте, тым болмаса, алдын ала ішкі істер қызметі тарапынан нақты түсіндірме жұмыстары жүргізілген жоқ, оның үстіне, тиісті балаға кресло табу қиындап кетті" дейді. Кейбірі бұл заңның жемқорлықты одан сайын үдете түсетінін жасырмады.

Орынтақ тапшылығына байланысты облыс орталығындағы бірқатар автодүкендерді аралап көрдік. Мәселен, "Авто Планета" дүкеніндегі сатушылар аса қатты дүрбелеңнің жоқ екендігін, орындықтардың қалыпты күйде саудаланып жатқанын айтты. Ондағы неміс тауарларының бағалары да келісті — 6 мыңнан 36 мың теңге аралығы. Келесі барған жеріміз көтерме базардағы "Форсаж" дүкені. Ресейден әкелінген автоорындықтардың ор-

таша бағасы 12-13, ал бустер 4 мың теңгеден. Мұнда қаңтардың алғашқы күндері тек орындық іздеген адамдар сабылып кетіпті. 6-7 қаңтар күндері 80 кресло сатылған.

Егер жол ережесін бұзған жағдайда полиция қызметкері сізді тоқтатар болса, көліктен түспей, оны күту де жаңа ережеде қарастырылған. Алайда басқа адамға көлікті сеніп тапсыру мәселесі жүргізушілердің қалтасы мен уақытын біршама жеңілдетіп отыр. Дегенмен мұндай тәсілдің де шыжығы бар. Оны сөз арасында айтамыз.

Бұдан былай мотокөлік, квадроцикл, скутерлер де тіркеуге алынатын болды. Ондай көлік құралына 16 жастан бастап "А-1" категориялы жүргізуші куәлігін оқып алып, арнайы қорғаныш бас киімін киіп отыра бересіз. Тек қасыңызға жолаушы алып жүре алмайсыз.

Өзгертілген, толықтырылған және жаңадан енгізілген баптарға байланысты ел арасында әлі де екіұдай пікірлердің бары анық. Соңғы он күннің ішінде маңызын жоғалтпай тұрған қызу пікірталас та — жол ережелері туралы заң. Осы сауалдар түсінікті болу үшін облыстық ІД Әкімшілік полиция басқармасының аға инспекторы Юрий Панасенкодан неғұрлым қарапайым тілде қысқа жауаптар алып көрдік.

— Юрий Юрьевич, алдымен автоорындыққа отыратын баланың жасын полицейлердің қалай анықтайтынын білгіміз келеді. Кейбір он жастағылардың дене түрқы он үш-он төрт жасар бала секілді көрінеді, ал кейбір балалардың керісінше,

бойы мен түр-әлпеті өзінің жасына анағұрлым келмей жатады.

— Бұл жерде баланың дене бітімін дәлелдеуден гөрі, әрбір көлік тізгініндегі жүргізуші, әсіресе, ата-ана қауіпсіздік жағына көбірек мән беру керек. Алдыңғы орындыққа арналған арнайы орынтақ сәбилер, нәрестелер, жасөспірімдер үшін жасалған. Бұдан бөлек, көліктің артқы орындығына арналған орынтақтар, арнайы қондырғы белдіктер, олар бір-бірімен байланыстырылған. Осыны қолданасыз, болды. Сол себепті, ересек адамнан бөлек, 12 жасқа дейінгі балаларды арнайы қондырғыларда тасымалдау заңда нақты жазылған. Бұдан бұрын ересек адамдар көлікте балаларды алдында отырғызып алып жүре беретін. Мысалы, қазір егер жүргізушіні қоспағанда, екі ересек адам мен үш бала болса, онда қалайда бір адам артық болып саналады.

— Балаларға арналған көліктегі орынтақтардың пошымына байланысты белгілі бір стандарт бар ма?

— Әсіресе, орындықтарды баланың жасы мен дене бітіміне қарай аласыз ғой. Ал негізінде арнайы қондырғылар бірнеше топқа бөлінеді. Солардың стандарты былай анықталады. "Нөлдік" тобындағылар бар, олар — автобесіктер. Онда жаңа туғаннан алты айға дейінгі, салмағы он келіден аспайтын сәбилер тасымалданады. "0+" тобы бір жасқа дейінгі, салмағы 13 келіден аспайтын балаларға арналған. "1" тобы салмағы 9-18 келі аралығындағы төрт жасқа дейінгілер, "2" тобы 15-25 келі салмағы бар жеті жасқа дейінгі. "3"

тобы 12 жасқа дейінгі, салмағы 22-36 келі балалар үшін қарастырылған.

— Арнайы қондырғысыз бала тасымалдайтындарға салынатын айыппұл мөлшері қанша?

— Алғашқы реткі айыппұл — 5, екінші жолы 10 АЕК. Егер заңды үш рет бұзса, онда жүргізуші куәлігінен айырылады. Яғни, бұл жолы жүргізушінің емтихан тапсыруға дейінгі жазасы қарастырылған.

— Ал көлік ішінде міндетті түрде басқа қандай құралдар болуы керек?

— Дәрі-дәрмек қобдишасы, өрт сөндіру құралы (сыйымдылығы 2 литрден кем болмау керек), апат орнындағы ескерту белгісі. Міне, бұлардың біреуі болмаса, айыппұл төлеуіңізге тура келеді. Қазір дәрі-дәрмек қобдишасы жөнінде де біраз әңгімелер өрбіп жатыр. Айталық, қобдишада он үш түрлі қажетті дәрілік және жараны таңу заттары болу қажет. Ал олардың біреуі болмаса, оған бола айыппұл салынбайды. Негізінен қобдишада көбірек бинт, дәрілер болса, заңға қайшы келмейді. Ол да азаматтардың өзіне байланысты. Ал егер қобдишаның өзі ғана бар, іші бос болса,

Көлікті тоқтатып, алдымен өзін таныстырады, не себепті тоқтатқаны туралы баяндап беруі тиіс.

— Көліктің қозғалыс жылдамдығы да өзгерді ғой?

— Жаңа ереже бойынша елдімекендердің сыртында жеңіл көліктер жылдамдықты сағатына 100 шақырымнан асырмау керек. Ал біздің облысымызда тек Қостанай мен Рудный арасындағы екі бөлек автокөлік жолында сағатына 110 шақырым жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі. Еліміз бойынша жалғыз ғана Астана-Шучинск арасында жылдамдық 140. Басқа көлік түрлеріне тіркемелері бар ауыр және шағын жүк көліктері үшін бұрынғы 70 және 90 шақырымдық жылдамдық сол күйі қалды.

— Елдімекеннің сыртынан бөлек, ішінде де күндіз-түні жарықпен жүру туралы заң ережесі де қызу талқылануда...

— Автокөліктер шамдарын жағып жүрген кездерде жол апаттарының төмендегені ескерілді. Кез келген көлік елдімекен ішінде тәулік бойы жақын қашықтықтағы жарық шамын жағып жүруге тиіс. Сондай-ақ, тұманға қарсы жарықпен де жүруге рұқсат барын айта кеткен жөн. Ал соңғы шыққан кейбір көліктердің шамдарының астындағы қиғаш келген күндізгі жарық шамдармен жүруге болмайды.

— Енді әңгімені сенімхатқа ойыстырсақ, бұл жөнінде айтарыңыз?

— Қазір бұрынғыдай нотариус арқылы сенімхат берудің қажеті жоқ, оның қарапайым түрі енгізіліп отыр. Жалпы, меншік иесі басқа адамға көлігін сеніп тапсырғанда, алдымен екінші тараптың құжаттары сай болу керек. Көлік иесі сақтандыру полисіне сеніп тапсырып тұрған азаматтың аты-жөнін енгізуге міндетті.

— Ал заңда көпшіліктің көңілінен шығардай қандай жеңілдіктері бар?

— Әкімшілік жазаға қатысты, бұдан былай ереже бұзып, қолдарына хаттама алған көлік жүргізушілері жеті тәулік ішінде айыппұлды төлесе, онда оларға 50 пайыз жеңілдік жасалмақ. Бірақ мұндай норма автоматты қадағалау құрылғылары түсірген жағдайда қарастырылмаған, яғни, жылдамдық өлшеу құралына түсіп қалса. Сонымен қатар, айыппұл мөлшеріне жеңілдік жол-көлік апатына себепкер болғандар мен жүргізуші куәлігінен айырылғандарға жасалмайды.

— Әңгімеңізге рахмет!

ТҮЙІН

7 қаңтардан бері жол сақшылары жүргізушілердің "басынан сипап, еркелігін көтеріп" келе жатыр. Әзірге жаңа заң тармақтары бойынша жаппай жазаланып жатқан ешкім жоқ, ескертумен ғана шектелуде. Дегенмен заңның аты — заң, оның да орындалуы міндеттеледі.

Ал Парламент депутаттары балалар автоорындықтары туралы тармақты бір жылға шегере тұруды сұрап отыр. Әсіресе, орындыққа 6 жасқа дейінгі балаларды отырғызып, 12 жасқа дейінгі аралықта бұл норманы міндетті емес ұсыныс ретінде қарастыру туралы ұсыныс білдірді. Автоорындық заңдағы міндетті баптардың қатарынан бір жылға дейін алынып тасталса, онда онсыз да көлік ішінде артық жүкті қаны сүймейтін жүргізушілер дауға ең көп себепкер болған дүниені жыл он екі ай үйінде сақтай тұруы әбден мүмкін. Ал егер заң осы сірескен күйі өзгермей, күшінде қалып жатса, "қылша мойным — талша" деп мойынсұнудан басқа амал қалмайды.

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Әкімдер халыққа
есеп берудеМұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

ҚР Президентінің "Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы" Жарлығына сәйкес Арқалық қаласы және қалаға қарасты ауылдардың әкімдері белгіленген кесте бойынша ел алдындағы есеп берулерін өткізуде. Оған қала әкімі, қала әкімінің орынбасарлары, ауыл және ауылдық округтер әкімдері, сондай-ақ, сала басшылары мен мамандары қатысуда.

Жиында Елбасының "Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол" Жолдауы жүктеген жаңа міндеттер, өңірді дамытудағы кешенді жобалардың орындалуы мен алға қойылған мақсаттар сарапқа салынуда.

Бүгінгі таңда аталған маңызды шара Қайыңды ауылдық округі, Аңғар, Ашутасты, Аққошқар ауылдарында өтті. Ауылдарға сапар одан әрі жалғасады.

Ел алдындағы есеп берулер қала әкімі Ғ.Бекмұхамедовтың қала халқына есеп беруімен қорытындылады деп күтілуде. Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Аңғар ауылының әкімі Қайрат Айтбаев халық алдында есеп беруде.

Кент әкімі кеңінен
көсілген күнРуслан
ӘЛКЕЕВ

Ауданда әкімдердің есеп беру науқаны басталды. Алдын ала бекітілген кестеге сай, Сарыкөл кентінің әкімі ел алдында есеп берді.

Аталмыш жиынды аудан әкімі Эльдар Күзенбаев ашып, мемлекеттік мекеме, кәсіпорын, ұйым, ауылшаруашылық өнім өндірушілер, шаруа қожалықтарының басшылары, жеке кәсіпкерлер және барлық аудан тұрғындарына өткен жылдың жақсы нәтижемен аяқталғанын айтып, өңірге қосқан зор еңбектері үшін алғысын білдірді.

Сонымен, өз кезегінде сөз алған Сейтбек Қаппасов кенттің 2014-жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын қорытындылап, 2015-жылдың негізгі тапсырмаларын тілге тиек етті.

Оның айтуынша, өтен жылы аудан басшысының арнайы берілген 13 тапсырмасының 9-ы орындалған, ал 4-і әлі де орындалу үстінде.

Сол жылы сарыкөлдiктерден барлығы 178 ұсыныс келіп түссе, соның 37-сі өз тиісті жеріне жіберіліп, ал 141-і қара-

лып, 32-не қазір түсіндірме жұмыстары жүріп жатыр.

Жалпы, бүгінгі таңда аудан орталығында 72 дүкен, 10 дәмхана, 1 қоғамдық монша, 7 шаштараз, 1 шұжық цехі, 3 өндірістік жиһаз цехі, 4 техникалық қызмет көрсету бекеті, 3 диірмен, 6 шағын наубайхана, 2 тұшпара және кондитерлік цехі, 3 ағаш ұста шеберханасы, 2 тігін тігу цехі және 2 пилорама жұмыс істеп тұр.

2014 жылы аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында 47 отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілген, яғни, 149 адам 3426,5 мың теңге көлемінде материалдық көмек алған.

Ал, кент көшелерін жарықтандыруға 2 497,0 мың теңге бөлініп, 967 жарықшам орнатылған.

Кент әкімі кеңінен көсілген күні келелі кездесуге келгендер ауқымды ақпараттар алды.

Сондай-ақ, сарыкөлдiктердің қысқы жолды қалыпты ұстау, сумен қамтамасыз ету, мал шаруашылығын дамыту, абаттандыру мәселелері қамтылған сауалдарына аудан басшысы арнайы жауап беріп, кейбір күрделі мәселелерді болашақта шешу үшін өзіне түртіп алды.

Сарыкөл ауданы.

● НӨМІРДЕН-НӨМІРГЕ

● ҰЛЫ ЖЕҢІС – 70

● ЧЕКИСТ ЖАЗБАЛАРЫ

ӨЛІП ТІРІЛГЕН
АДАМ

Ғалихан МӘУЛЕТОВ

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

Бұндай іс екінің бірінің қолынан келе бере ме. Әсіресе оның взводындағы Оспанов деген жерлесінің көз алдында қайтыс болған сәтін суреттеп жазған жерлерін көңіл толқуынсыз оқу мүмкін емес.

Сөзінің арасында Павел Васильевич:

– "Ғалихан, сен бүгін соғыста қаза болған взвод командирі, кіші сержант Даценко Павел Васильевичпен сөйлесіп отырсың" – деп сәл күліп алды да, "Боздақтар" кітабының екінші томының 427 бетін ашты.

Онда: Даценко Павел Васильевич, 1925 года рождения, уроженец пос. Владимировка, украинец, младший сержант ПП 414547. Погиб в бою 29.01.44. Похоронен в 400 метрах юго-восточнее д.Соболица на перекрестке тракта Печерского района Полесской области" деп көрсетіліпті. Осындай қара қағаз "марқұмның" үйіне де келіпті.

– Павел Васильевич, мынау бір қызық оқиға екен, тірі адамды қалай өлгендердің қатарына қосуға болады, – деп сұрадым. Оқиға былай болыпты:

П.Даценко 1944 жылы қаңтардың 29 жұлдызында 93 гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамындағы 285 полк Ресей, Украина және Белорусь жерінің түйісінде ойламаған жерден неміс десанттарымен ұрысқа кіріседі. Бұрынғы неміс әскерлерінің шебіне келіп бекінген Павел Васильевичтің взводына немістер жиілеті арtilлериядан оқ жаудырады. Бірінші снаряд бұлардың қорғаныс шебінен асып, ал екінші снаряд бұларға жетпей жарылады. Ал, үшінші оқ арtilлерияның қалыптасқан заңдылығы бойынша осыларға дәл тиюге тиіс екен. Бұны арtilлеристер "вилка"/шанышқы/ деп атапты. Жаңағы үшінші снаряд орын ауыстырмақшы болып жүгіріп бара жатқан Павел Васильевичтің жанына келіп жарылып, оны жартылай құмға көміп тастайды. Шала жансар ол осы жерде кешке дейін жатады.

Кешке келген өліктерді жинап, жерлеуге тиіс батальонның жауынгерлері Павел Васильевичтің тек қана куәлігін алып, оның өлі, не тірі екеніне көз жеткізбей кетіп қалады. Сонымен есепте бұл кісі "мәйіт" болып кете барады.

"Өмірде жақсы адамдар көп қой", – дейді ол. 30 қаңтар күні біздің танк армиямыз кеше кескілескен ұрыс болған осы майдан шебіне келіпті. Т-34 машинасының механик-жүргізушісі

"өліп жатқан" Павел Васильевичтің қолындағы жарқырап көрініп жатқан сағатқа көзі түседі. Өлген кісіге сағаттың керегі жоқ қой деп ойлаған ол, оның қолымнан сағатты шешіп алып жатқанда, білегінен нашар қан тамырының соққысын сезеді. Танкист Павел Васильевичтің сырт көйлегінің қалтасынан оның әкесінің жазған үшбұрышты хатын көреді. Әдреске қарап, жаралының Қостанай жерінің азаматы екеніне көзі жеткен ол, хаттың сырт жағына қарындашпен: "Мен сенің жерлесіңмін, менің мекенжайым: "Троицк қаласы, Кирпичная көшесі 13 үй, Селяфудинов Фарид", – деп жазады. Шайқас даласында тірі жауынгер жатқанын Фарид танк полкінің госпиталіне хабарлапты. Одан санитарлар келіп әскери ауруханаға алып кетеді, онда аз күн емделіп жатқаннан кейін ол қайта майданға жіберіледі. "Бұл мені өлім тырнағынан алып қалған шын мәніндегі құтқарушым еді", – деп есіне алады Фаридты Павел Васильевич.

1946 жылы Фаридті іздеп Павел Васильевич Троицк қаласына барыпты. Қолында сол үшбұрышты хат. Сол көше, ағаштан боратылып салынған сол адрестегі үй, есік алдындағы кішкентай орындықта басына тақия киіп отырған талдырмаш татар шалы. Жөн сұрасып, алдында іздеп жүрген кісісі отырғанына көзі жеткен ол, жаңағы бейтаныс кісіге үш бұрышты хатты ұсынады. Бұл жерде о дүниеден келіп тұрған майдангер жерлесін көргендегі Фаридтің қуанышын айтып жеткізу қиын, дейді ол. Көздің жасына да ерік бердік, Фарид жібермей бір-екі күн қонақ қылды, жанұясымен таныстырды, жақындары жиналды, кішігірім той жасады, тірі болса бір келер деп сақтаған менің қол сағатымды берді. Бұл сағатты мен оған қайта сыйға тарттым, – дейді Павел Васильевич. Осы соңғы жылдарға дейін олар жақын бірге туған туыстардай аралас-құралас болып тұрыпты.

Ясса түбінде контузия алып, емделіп шыққан ол Венгрияны, Румынияны, Чехословакияны неміс басқыншыларынан босатуға қатысады. Сонымен Павел Васильевич үшін соғыс Вена қаласының солтүстік-батысынан 45 шақырымдай жерде аяқталады. Бұл жерде олар Одақтастардың армиясымен кездеседі.

– Павел Васильевич, Сіздің соғыс алаңында көрсеткен ерліктеріңіз бір ұзақ дастан, оны мына еңбегіңізде баяндапсыз, ал енді Сіздің көрінбейтін майданда жасаған қызметіңізге тоқ-

талып кетсек. Бұл салада да Сіз алдыңғы қатарда болғаныңыздың мен де бір куәсі. Сіз өз жұмысыңыз туралы облыстық басқарма бастығына ғана тікелей есеп беріп, Сізді талай рет республикалық комитеттің басшылары тыңдағанын естігеніміз бар еді. Сізге біздер сол кезде үлкен тәжірибелі, қарт чекист ретінде зор ілтипатпен қарайтын едік. Осы МҚМ/МГБ/ органына қашан келдіңіз және бұл салада қызмет істеп жүргеніңізде есте қаларлықтай қандай оқиғалар болды, соны айтып беріңізші, – деп өтініш жасадым.

1946 жылдың қазан айында әскер қатарынан демобилизацияланғаннан ол қысқа мерзімді Петропавл қаласындағы бухгалтерлер курсына тәмамдайды, кейін осы Қостанай өңірінде осы мамандығы бойынша қызмет жасайды.

1950 жылдың наурыз айында ол Қостанай қалалық әскери комиссариатына шақырылып, оған әскери қызметті әрі қарай жалғастыра беру туралы ұсыныс жасалыпты. Әскери комиссар оған бұл жолы мемлекеттік қауіпсіздік органының жабық мектебіне жіберу туралы ұсыныс жасайды. Сонымен Павел Васильевич 1950 жылы Ташкент қаласындағы Одақтық МҚМ қарсы барлау мектебіне оқуға түсіп, оны 1952 жылы үздік бітіріп шығады. Тәжірибені Алматы қаласында өткеннен кейін, ол екі жылдай МҚМ Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасында тергеуші болып қызмет жасайды.

Көпшілік біле бермеуі мүмкін, сол кезде бұрынғы Боровой ауданы /қазіргі Меңдіқара/ Татьяновка деген кенттің маңайында ұзақ жылдар құпия үлкен әскери полигон болды. Бұл жерде бүкіл Одақ бойынша әскери округтер нысананы дәл көздейтін ең жаңа деген техникалық құралдарын сынақтан өткізетін-ді. Бұл объектінің құпиялылығы тікелей Мәскеудің құзырында болса, біздер оның айналасында ғана оперативтік жұмыс жүргізетінбіз.

Күндердің бір күні, Орталықтан жұмыс бағытын меңзейтін хабар/ориентировка/ келіп түсті. Онда АҚШ-тың барлау органына біздің осы объектіде қандай сынақтар жүргізілгендігі және олардың нәтижелері белгілі болғандығы туралы айтылыпты. Мысалы, 1954 жылдың шілде айында жүргізілген сынақта, жүз снарядтың 75-і нысанаға тигендігі туралы және полигонның басқа да құпия деректері АҚШ-тың ОББ /ЦРУ/ органына белгілі болғандығы баяндалыпты.

(Жалғасы бар).

Қазақстан Республикасы Қостанай облыстық сайлау комиссиясының
ҚАУЛЫСЫ

Шығып кеткендердің орнына мәслихаттар депутаттарының сайлауын 2015 жылғы 29 наурызға тағайындау туралы
Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 101 және 113 баптарына сәйкес Қостанай облыстық сайлау комиссиясы **қаулы етеді**:

1. Шығып кеткендердің орнына мәслихаттар депутаттарының сайлауы 2015 жылғы 29 наурызға келесі мәслихаттарға тағайындалсын:

Алтынсарин аудандық мәслихаты
№7 Обаған сайлау округі бойынша
Амангелді аудандық мәслихаты
№2 Байтұрсынов сайлау округі бойынша
Қарабалық аудандық мәслихаты
№6 Белоглинов сайлау округі бойынша
Қамысты аудандық мәслихаты
№7 Қарабатыр сайлау округі бойынша
Науырзым аудандық мәслихаты
№1 Алтынсарин сайлау округі бойынша
Сарыкөл аудандық мәслихаты
№2 Комсомол, №4 Тимирязев, №9 Городской сайлау округтері бойынша

Ұзынкөл аудандық мәслихаты
№3 Абай сайлау округі бойынша
Қостанай облыстық мәслихаты
№ 4 Западный, № 5 Студенческий сайлау округтері бойынша
2. Мерзімі белгіленсін:
1) Шығып кеткендердің орнына мәслихаттар депутаттығына үміткерлерді ұсыну 2015 жылдың 28 қаңтарынан 26 ақпанына дейін;
2) Шығып кеткендердің орнына мәслихаттар депутаттығына үміткерлерді тіркеу 2015 жылдың 28 қаңтарынан 3 наурызына дейін.
3. Сайлау шаралары Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңымен белгіленген ережелерге сәйкес өткізілсін.
4. Шығып кеткендердің орнына мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізу бойынша негізгі шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін және сайлауды өткізуді қамтамасыз ету үшін аумақтық сайлау комиссияларына жіберілсін.
5. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.
Облыстық сайлау комиссиясының төрайымы
Қостанай қ.,
19 қаңтар 2015 ж.
№25/56

А.Маркова.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 13 бабына сәйкес Қостанай облыстық сайлау комиссиясы шығып кеткендердің орнына мәслихаттар депутаттары сайлауының 2015 жылғы 29 наурызға тағайындауына байланысты облыстық сайлау комиссиясының құрамын жариялайды:

Қостанай облыстық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы, 60, т. 541620.

Төрайым – Маркова Антонина Михайловна
Төрайымның орынбасары – Ахметов Сералы Тәжібайұлы
Хатшы – Малашко Александр Юрьевич
Комиссия мүшелері: Жумабаев Қайырхан Мақанұлы, Герасимов Геннадий Александрович, Лютова Галина Леонидовна, Корнилов Лев Анатольевич.

Қостанай облыстық мәслихаты депутаттарын сайлау бойынша сайлау округтерінің шекарасы:
Қостанай қ. аумағында:
№ 4 Западный сайлау округі
Комиссияның орналасқан жері: Қостанай қ., Чернышевский көшесі, 59 (КИПУ ғимараты)

ШЕКАРАСЫ: қаланың батыс бөлігі, әуежай аумағын қоса алғанда, теміржол желісі бойымен, Досжанов көшесімен (№ 184, 184/1, 186 үйлерді қоса алғанда, одан әрі тақ жағымен № 137 үйге дейін) Павших борцов көшесіне дейін, Павших борцов көшесімен (үйлердің тақ жағымен № 23-тен № 39-ға дейін) Журавлева көшесіне дейін, Журавлева көшесімен (үйлердің тақ жағы № 13-тен № 71-ге дейін) Қостанай сайына дейін сайдың бойымен Алтынсарин көшесіне дейін, одан әрі Алтынсарин көшесімен (үйлердің тақ жағы № 33-тен № 95-ке дейін) Беда көшесіне дейін, Беда көшесімен (жұп жағы № 58-ден № 68-ге дейін) 5 Декабря көшесіне дейін, 5 Декабря көшесімен (жұп жағы № 48-ден № 68-ге дейін) Комаров көшесіне дейін, Комаров көшесімен (жұп жағы № 24-тен № 84-ке дейін) Садовая көшесіне дейін, Садовая көшесімен (үйлердің жұп жағы № 24-тен № 306-ға дейін) Хакимжанова көшесіне дейін, Хакимжанова көшесімен (жұп жағы, № 118а үйі) Соколовская көшесіне дейін, Соколовская көшесімен (үйлердің жұп жағы № 40-тан № 112-ге дейін) Гвардейская көшесіне дейін, Гвардейская көшесімен (үйлердің жұп жағы № 26-дан № 64-ке дейін), тұрғын үйлер аумағы Карбышев көшесіндегі №№ 43, 45, 47, 49, 51, 53 үйлер шекарасында одан әрі теміржол желісі бойымен , қаланың батыс бөлігінің шекарасына дейін.

Мына сайлау учаскелері кіреді: №44, №45, №46, №47, №48, №49, №53, №72, №73, №75.

№ 5 Студенческий сайлау округі
Комиссияның орналасқан жері: Қостанай қ., Маяковский көшесі, 131 (№ 23 орта мектеп ғимараты)

ШЕКАРАСЫ: Тобыл өзенінен Воинов-Интернационалистов көшесімен(тақ жағы), 8 шағын ауданның шығыс бөлігінің аумағы (№ 3, 4, 5, 6, 6/1, 8 үйлерді қоса алғанда) Чкалов көшесіне дейін, Чкалов көшесімен (жұп жағы) Абай даңғылына дейін, Абай даңғылымен (үйлердің жұп жағы № 14-тен № 24-ке дейін) Воинов көшесіне дейін, Воинов көшесімен (үйлердің жұп жағымен № 44-тен № 18-ге дейін) Мирошниченко көшесіне дейін, Мирошниченко көшесімен (№ 1 және №3 үйді қоспағанда) КЖБИ өндірістік аумағына дейін және одан әрі Тобыл өзеніне дейін.

Мына сайлау учаскелері кіреді: №55, №57, №60, №61, №62, №63, №64, №68.

Қостанай облыстық мәслихаты депутаттарын сайлау бойынша округтік сайлау комиссияларының құрамы

№ 4 Западный сайлау округі
Комиссияның орналасқан жері: Қостанай қ., Чернышевский көшесі, 59 (КИНЭУ ғимараты)

Төрайым – Мінайдарова Жеңісқұл Сейітжановна
Төрайымның орынбасары – Касицкая Наталья Сергеевна
Хатшы – Черкасов Юрий Борисович
